

АТЫРАУДА ҚМГ ЕНШІЛЕС МЕКЕМЕЛЕРІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АРАСЫНДА СПАРТАКИАДА ӨТТІ



1, 4, 5

ЕМБІ АРУЫ АНЫҚТАЛДЫ



3

ҚОЙНАУЫ КЕНГЕ ТОЛЫ ҚАЗЫНАЛЫ ӨЛКЕ



6



Embi ТЫНЫСЫ

№12 (96)
ТАМЫЗ
2022 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.



**Атырауда ҚМГ еншілес
мекемелері қызметкерлері
арасында спартакиада өтті**

Атырау қаласында ағымдағы жылдың 8-11 тамыз аралығында «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы АҚ еншілес мекемелері арасында спартакиада өтті. Шара ҚМГ 20 жылдығы мен «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 100 жылдығына орай ұйымдастырылды.

Атырау қаласындағы «Мұнайшы» орталық стадионында шараның ашылу салтанаты өтіп, оған «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының Аппарат басшысы Ерхан Омаров арнайы қатысып, қатысушы командаларға сәттілік тіледі.

Төрт күнге созылған байрақты жарыста еліміздің түкпір-түкпірінен 20-ға жуық мекемеден 400-ден астам адам спорттың 9 түрінен сынға түсті. Атап айтсақ, үстел теннисі, үлкен теннис, шахмат, волейбол, баскетбол, жүзу, шағын футбол, тоғызқұмалақ, жеңіл атлетика. Жарыстар Атырау қаласындағы 6 спорт нысанында өтті.



Семинар-кеңес

АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ АЛҚА ЖИЫНЫ ӨТТІ

Жуырда «Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде Атырау қалалық Ардагерлер кеңесінің алқа жиыны өтті. Шараға қатысқан отызға жуық еңбек ардагерін «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан қабылдап, жиын жұмысына сәттілік тіледі.

- Қазақ – қашанда қарияларын құрметтеген халық. Биыл «Ембімұнайгазға» 100 жыл толып отыр. Қарашаңыраққа қош келдіңіздер. Осынау айтулы мерекеге орай іс-шаралар кезең-кезеңімен жүзеге асып жатыр. Осы шаралардың ішінде ардагерлерімізге де үлкен көңіл бөлінуде.

Бүгінде 2000-ға жуық зейнеткеріміз бар. Әрқайсысы денсаулықтарына, демалыстарына, мерекелерге орай тиісті әлеуметтік көмектермен қамтылған, - деп атап өтті Есен Қайыржанұлы.

Жалпы қалада 33 400 зейнеткер бар. Олардың 610-ы – тыл ардагерлері.

Атырау қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кеңес Қосыбаевтың айтуынша, ЕМГ Ардагерлер кеңесі облыс орталығындағы 99 ұйымның ішіндегі құрамы жағынан ең үлкені саналады.

Жиын барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында айтылған міндеттемелерді іске асыру, қоғамдағы өзекті мәселелермен қатар, жастар тәрбиесі де қозғалды. Одан бөлек, республикалық Ардагерлер ұйымының VIII-IX съездері шешімдерін жүзеге асыру мәселелері де талқыланды. Болашаққа нақты жоспарлар белгіленді.

Атырау облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Серік Мұхамбетовтің мәлімдеуінше, семинар-кеңестің мақсаты – бастауыш ардагерлер ұйымдары төрағалары мен қалалық ардагерлер кеңесі активтерінің белсенділігін арттыру. Сол себепті, жиында осыған дейін атқарылған жұмыстарының есептері тыңдалып, тапсырмалар берілді.



ЕМГ ардагерлер кеңесінің төрағасы Бағыт Сматуллин компания бойынша ардагерлерді қолдау бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Ғасырлық мерейтой аясында іске асқан әлеуметтік жобалар жөнінде есеп берді.

Ардагер тілегі

КЕРЕМЕТ ШАРАНЫҢ КУӘСІ БОЛДЫҚ



Жуырда Махамбет атындағы академиялық драма театрында өткен ғасырлық тарихы бар қара шаңырағымыздың Ембінің дүбірлі тойына қатысып, керемет әсер алдық. Жаны жайсаң жақсылармен жүздестік, ізетті кішілердің ілтипатына бөлендік, еңбегіміз бағаланып, марапатталдық.

Осындай ауқымды шараны ұйымдастырып, өткен мен бүгінгі кезеңді қамтыған мерейтойды өткізуге мұрындық болған «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығына және осы шараға атсалысқан компания қызметкерлеріне алғысымызды білдіреміз.

Киелі өңіріміздің қазынасын игеруде жеткен жетістіктерді жетістіре беруге әрқайсысына еңбекте табысты болып, отбасы амандығын тілейміз! Ел экономикасына қосар үлесіміз әлі де көп болсын! Жақсы күндер, жарқын тілектер легі сарқылмасын!

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Ардагерлер кеңесінің төрайымы, мұнайшы-зейнеткер Мұстахима ИСАИНОВА

Ембі аруы анықталды



Жуырда Құрманғазы мәдениет сарайында «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 100 жылдығына орай «Мұнайшы қыз» клубының қолдауымен «Ембі аруы-2022» байқауы ұйымдастырылды.

С ұ л л а р байқауына ЕМГ-нің өндірістік-құрылымдық бөлімшелерінен 7 ару қатысып, 4 турда сынға түсті – сәлемдесу, өнер-хобби, дефиле, сұрақ-жауап.

- Ішкі коммуникацияны дамытуды, мұнайшы қыз-келіншектердің жан-жақты дамуына әр кез мүмкіндік жасап жүретін «Мұнайшы қыз» клубының қолға алуымен әдемі шараның куәсі болып отырмыз.

«Ембі аруы» байқауы – мұнайшы қыздардың ішкі биік мәдениетін, жан-жақты болмыстарының тағы бір мәрте дәлелдеп беретін шара деп ойлаймын. Біздің мұнайшы қыздар тек еңбекте ғана емес, өнерде, білімде, мәдениетте де өздерін тек биіктерден көрсете білетіндіктерімен ерекшеленуде, - деп атап өтті **ЕМГ Басқарма төрағасы Есен ҚАЙЫРЖАН**.

Сәндік пен шеберлік, шешендік пен біліктілік сынға түскен байқауға қатысушылардың өнерін бағалау қазыларға оңайға соқпады. Қазылар алқасының шешімімен, «Қорқыт-қобыз» әнін нақышына келтіріп орындаған «Доссормұнайгаз» МГӨБ Шығыс Мақат жатақханасының меңгерушісі **Айсұлу МАНТАЕВА I орынды** жеңіп алып, «Ембі аруы» атанды. Жүлделі **II орынды** «Балқадиша» әнімен көрермен қошеметіне ие болған ЕМГ Қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің кадрлар жөніндегі маманы **Жанаргүл АРАЛБАЕВА** иеленді. **III орын** зерделік өнерімен көрермендерді тамсандырған Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау басқармасының есеп және есеп беру тобының аға бухгалтері **Гүлазия СЕЙСЕНБАЕВАҒА** бұйырды.

Ұйымдастырушылар байқауға қатысушылардың барлығын назардан тыс қалдырмауға тырысты. «Көрермен көзайымы» номинациясына «Жайықмұнайгаз» МГӨБ инженер-химигі **Дана СӘУЕНОВА**, «Кербез ару» номинациясына «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі бастығының орынбасары **Айымгүл НҰРМҰХАНОВА**, «Креативті ару» номинациясына «Ембімұнайэнерго» басқармасының экономисі **Камила СЕРІКОВА**, «Зерделі ару» номинациясына «Қайнармұнайгаз» МГӨБ қолданыстағы құрал-жабдықтарды жөндеу бөлімшесінің слесарь-инструментальщигі **Мейрамгүл ҚҰЖБАНОВА** лайық деп танылды.





АТЫРАУДА ҚМГ ЕНШІЛЕС МЕКЕМЕЛЕРІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АРАСЫНДА СПАРТАКИАДА ӨТТІ

- Елімізде салауатты өмір салтын орнатуға, бұқаралық спортты дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Осындай спорт іс-шарасын ұйымдастырып, ауқымды шараға өз үлесімізді қосқанымызға өте қуаныштымын. Спартакиадаға қатысушыларды спорт мерекесімен құттықтаймын. Сіздердің бүгінгі жетістіктеріңіз әріптестеріңізге, сондай-ақ, өскелең ұрпаққа үлгі болады және оларды спортқа ынталандыратынына сенімдімін, - деп атап өтті спартакиаданың салтанатты жабылу рәсіміне қатысқан «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары Құрманғазы ЕСҚАЗИЕВ.

Шара барысында спорттың тоғыз түрінен сынға түсіп, жеңіске жеткен қызметкерлер медальдармен, дипломдармен, кубоктармен марапатталды.

- Спартакиаданы ұйымдастырудағы басты мақсат - қызметкерлерді бір-бірімен жарыс жолына түсіру емес, корпоративтік рух пен достық қарым-қатынасты нығайту. Біз еліміздің әр өңіріне әріптестерімізді қуана қарсы алдық. Осынау

ауқымды шараны Ембінің 100 жылдығына арнап, Атырауда өткізуге сенім білдірген Бас компанияға алғысымыз зор. Жауапкершілік жүгін сезіндік. Ойдағыдай өтті деген сенімдеміз. Жарыс болғасын, жеңімпаз да, жеңілген де болады. Дегенмен, барлық қатысушылар мүмкіндігінше барын салып қатысты. Белсенділіктері үшін ризашылығымызды білдіреміз, - дейді «Ембімұнайгаз» АҚ Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры Қуандық КАЛИДУЛЛИН.

Сондай-ақ, спартакиада аясында ҚМГ құрамасының еліміздегі атақты «Қайрат» футбол клубымен өткізген футболдан жолдастық кездесуі спорттық шараның көркін одан әрі қыздырды.

ҚМГ құрамасы сапынан ембіліктерден Нұрбек Ишанов команда капитаны болса, Бекназар Ақмурзиев те өнер көрсетті.

«Жайық» спорт кешенінде өткен дода «қайраттықтардың» үлесіне 5:0 есебімен аяқталды.





ЖАРЫСТАР НӘТИЖЕЛЕРІ:

Баскетбол:

- 1 орын - "АМӨЗ" ЖШС;
- 2 орын - "ПМХЗ" ЖШС;
- 3 орын - "Қазтрансойл" АҚ;

Үлкен теннис:

- 1 орын - Қанат Толыбаев ("Қазтрансойл" АҚ);
- 2 орын - Мерей Тумаев ("Маңғыстаумұнайгаз" АҚ);
- 3 орын - Алжан Жармұхамедов ("Қазгермұнай" БК ЖШС);

Шағын футбол:

- 1 орын - "Өзенмұнайгаз" АҚ;
- 2 орын - "АМӨЗ" ЖШС;
- 3 орын - "Ембімұнайгаз" АҚ;

Тоғызқұмалақ (әйелдер):

- 1 орын - Бейбітгүл Әбдірахманова ("Қазгермұнай" БК ЖШС);
- 2 орын - Шынар Мұсағалиева ("Қазмұнайтеніз" ЖШС);
- 3 орын - Айткүл Төлебекова ("Өзенмұнайгаз" АҚ);

Тоғызқұмалақ (ерлер):

- 1 орын - Қайрат Тойболов ("Қазгермұнай" БК ЖШС);
- 2 орын - Бернұр Ғабдырасылұлы ("Қаражанбасмұнай" АҚ);
- 3 орын - Сырым Мұратов ("Ембімұнайгаз" АҚ);

Жүзу (ерлер арасында 40 жастан жоғары):

- 1 орын - Вадим Юртанов ("Қазгермұнай" БК ЖШС);
- 2 орын - Виталий Ким ("Казмортрансфлот" ЖШС);
- 3 орын - Әлібек Дүзбаев ("Өзенмұнайсервис" ЖШС);

Жүзу (ерлер арасында 40 жасқа дейін):

- 1 орын - Павел Вознесенский ("Қазмұнайгаз" ҰҚ АҚ);
- 2 орын - Ғани Чалабаев ("Қаражанбасмұнай" АҚ);
- 3 орын - Болс Татиманов ("Өзенмұнайгаз" АҚ);

Жүзу (әйелдер арасында):

- 1 орын - Алена Ильченко ("Қазтрансойл" АҚ);
- 2 орын - Наталья Берсенева ("ПМХЗ" ЖШС);
- 3 орын - Салтанат Боқаева ("ҚазГӨЗ" ЖШС);

Жеңіл атлетика (эстафета):

- 1 орын - "Қазтрансойл" АҚ;

- 2 орын - «Ембімұнайгаз» АҚ;

- 3 орын - "АМӨЗ" ЖШС;

Арқан тартыс:

- 1 орын - «Өзенмұнайгаз» ЖШС;
- 2 орын - «Қаражанбасмұнай» АҚ;
- 3 орын - "Өзенмұнайсервис" ЖШС;

Жеңіл атлетика (әйелдер):

- 1 орын - Жанна Кетебаева ("Қазтрансойл" АҚ);
- 2 орын - Анастасия Насенкова ("АМӨЗ" ЖШС);
- 3 орын - Жанар Сәрсенғалиева ("Ембімұнайгаз" АҚ);

Жеңіл атлетика (ерлер):

- 1 орын - Аян Қожағалиев ("Қазтрансойл" АҚ);
- 2 орын - Дастан Есбосынов ("ОСК" ЖШС);
- 3 орын - Байжасар Елемес ("Қазтрансойл" АҚ);

Үстел теннисі (әйелдер):

- 1 орын - Лаура Айтжанова ("KMG EP-Catering" ЖШС);
- 2 орын - Марина Ким ("Қазгермұнай" БК ЖШС);
- 3 орын - Мадина Өтепбергенова ("АМӨЗ" ЖШС);

Үстел теннисі (ерлер):

- 1 орын - Бақтыбек Жақсылықов ("Өзенмұнайгаз" АҚ);
- 2 орын - Рауан Саханов ("Қазмұнайгаз" ҰҚ АҚ);
- 3 орын - Владислав Тен ("АМӨЗ" ЖШС);

Шахмат (әйелдер):

- 1 орын - Құралай Сағинаева ("Ембімұнайгаз" АҚ);
- 2 орын - Гүлнұр Төлеуова ("АМӨЗ" ЖШС);
- 3 орын - Жанар Қалдыбаева ("Қазмұнайгаз" ҰҚ АҚ);

Шахмат ерлер:

- 1 орын - Валерий Алаяров ("Қазтрансойл" АҚ);
- 2 орын - Исламбек Бердалиев ("Өзенмұнайгаз" АҚ);
- 3 орын - Ерлан Қасымханов ("Қазгермұнай" БК ЖШС);

Волейбол (әйелдер):

- 1 орын - "АМӨЗ" ЖШС;
- 2 орын - "Өзенмұнайгаз" АҚ;
- 3 орын - "Ембімұнайгаз" АҚ;

Волейбол (ерлер):

- 1 орын - "АМӨЗ" ЖШС;
- 2 орын - "ПМХЗ" ЖШС;
- 3 орын - "Қазтрансойл" АҚ;





ҚОЙНАУЫ КЕНГЕ ТОЛЫ ҚАЗЫНАЛЫ ӨЛКЕ

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның ғасыр тойына арналған салтанатты шаралар Компанияға қарасты өндірістік-құрылымдық бөлімшелерде бастау алды. Жуырда Атырау қаласында «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына ұжымына арналған «Мұнайлы өңірге мың тағым» атты мерекелік шара өтті.

Төскейі малға, қойнауы кенге толы аймақта мұнай-газ өндіру басқармасының құрылғанына 30 жылға жуық уақыт өтті. Бүгінде басқарма өзіне лайықты белестерді бағындырып үлгерді.

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан мұнайшылар мен ардагерлерді құттықтап, үздік жұмысшыларды марапаттады.

- Біз 100 жылдық мерейтойымызды өндірістік бөлімшелер арасында жеке-жеке өткізіп жатқан себебіміз, қандай компания болмасын оның өте құнды байлығы адам болғандықтан, біз үшін әр ардагер, қатардағы әр жұмыскер қымбат. Сондықтан, әр адам 100 жылдық тарихқа қатыс бар екенін сезінсін деген мақсатпен осындай шараларды қолға алдық. Мереке құтты болсын. Табыстан-табысқа жете берейік. Отбасыларыңызға аманшылық, дендеріңізге саулық тілеймін, - деп атап өтті ЕМГ Басқарма төрағасы Есен ҚАЙЫРЖАН.

ҚР Энергетика министрлігінің «Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісімен өндірісті жедел басқару қызметінің жетекшісі Жанболат Мединеев, ҚР Энергетика министрлігінің Құрмет грамотасымен «Кенбай» мұнай-газ өндіру цехының қабат қысымын ұстау операторы Темір Башар, ҚР Энергетика министрлігінің Құрмет грамотасымен Жоламанов мұнай және газ өндіру бөлімшесінің қабат қысымын ұстау операторы Нұрлан Денмент, ЕМГ Алғыс хатымен басқарма бастығының геология және игеру жөніндегі орынбасары Тілек Қажым, Құрмет грамотасымен жылугазсумен қамтамасыз ету бөлімшесінің жылу қазандығының операторы Исабержан Құспантаев марапатталды.

Компанияның еңбек адамына деген құрметіндей ең елеулі марапаты - 5 миллион теңгелік сертификат «Еңбек озаты» бағалы сыйлығымен ұңғыларды жерасты жөндеу операторы Аманбай Нұрғалиевке табысталды.

- Мұнайшылық кәсіпті таңдауыма әкем септігін тигізді. Ол ғұмыр бойы бұрғылаушы болып еңбек еткен.

Ембі өндірісіндегі еңбек жолымды 1996 жылы жылу қазандығында оператор болып бастадым. Сол жылы «Қайнармұнайгаз» басқармасы ашылып жатқан кез болатын. Кейін көп ұзамай ұңғыларды зерттеу цехына ауысып, содан бері 25 жылдай уақыт бойы үзбестен қызмет кетіп келемін. Келесі жылы зейнеткерлік демалысқа шығамын.

Осынау еңбегімді бағалап, үздік мұнайшылар қатарынан бағалап жатқан әріптестеріме, «Ембімұнайгаз» компаниясы басшылығына алғысымды білдіремін, - деп атап өтті Аманбай НҰРҒАЛИЕВ.

Сонымен қатар, ардагерлер мен бірқатар жұмысшыларға, басқарманың бұрынғы басшыларына «Ембімұнайгаз» АҚ-на 100 жыл» мерекелік медалі тағылды.



ҚОС ӨЗЕН АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БАСҚАРМАДАҒЫ ҒАСЫРЛЫҚ ТОЙ

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның құрылғанына 100 жылдығына орай өтіп жатқан салтанатты шара «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында жалғасты. Аталмыш басқарма орналасқан Исатай ауданының орталығы Аққыстау селосындағы «Жалын» мәдениет үйінде ұжымның мүшелері қос өзен аралығындағы басқармада ұзақ жылдар еңбек еткен мұнайшы ардагерлерге құрмет көрсетті.

Салтанатты шарада ЕМГ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан компанияның ғасырлық тойымен барша мұнайшыларды құттықтап, мерекелік бағдарламаның аясында жүзеге асып жатқан шаралардың мақсатына тоқталып өтті.

- Компанияның 100 жылдық мерейтойын барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелерде ұйымдастыруымыздың басты мақсаты, айтулы шарада әрбір адам өзінің қолтаңбасы бар екенін сезінулері керек. Еңбек адамына басымдық беруді әр кез жіті назарда ұстайтын біздің кәсіпорын осы дәстүрлі жолды жалғастырып, еңбек адамдарын ұлығылау шарасын қолға алып отырмыз,-деп атап өтті өзінің сөзінде Есен Қайыржанұлы.

Салтанатты шарада Еділ мен Жайық-қос өзен аралығындағы басқарманың қалыптасып, дамуында мол қолтаңбаларын қалдырған ардагерлер «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 100 жылдық медалімен марапатталды.

Еңбек дер кезінде бағалануымен құнды. Компанияның ғасырлық тойына арналған салтанатты жиында «Еңбек озаты» деген жоғары құрмет те өз иесін тапты. Осы басқармада 42 жылға тарта табан аудармай еңбек еткен, бүгінде зейнеткерлік демалыстағы Махсот Мурзин «Еңбек озаты» атануымен қатар 5 миллион теңгелік сертификатқа ие болды.

- Мен ғұмырымның 42 жылын мұнай-газ саласына арнадым. 1980 жылы Қамысты кен орнына мұнай-газ өндіру операторы болып бастап 30 жылдай еңбек еттім. Кейін Жаңаталап кен орнында 12 жылдай машинист болып жұмыс жасадым. Осынау жарты ғасырға жуық кезеңде жұмысымды абыроймен жасадым деп айта аламын.

Жолдасым да осы «Жайықмұнайгаз» еңбек етіп, зейнеткерлік демалысқа шықты. Биыл маусым айында зейнеткерлікке шықтым. 1985 жылы комсомолдың «Үздік еңбегі үшін» медалімен, «Жайықмұнайгаз» басқармасының 40 жылдығы, Қазақ мұнайының 120 жылдығы медальдарымен және басқа да көптеген мақтау қағаздарымен марапатталдым. Әрине, бұл марапаттарымда әріптестерімнің де үлесі барын ерекше атап өтемін,- дейді Махсот Мурзин.

Шарада Н.Жантөрин атындағы облыстық филармонияның шығармашылық ұжымы дайындалған концерттік бағдарлама көпшіліктің назарына ұсынылып, мерекелік шара мерекелік дастарханға ұласты.



ЖАЗ ОЙНАТЫШ, КҮН КҮЛДІРІШ...



Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «Eurasian Expert Council» қоғамдық қоры, «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» АҚ гранты аясында Қазақстан Республикасындағы қоғамдық кеңестерді дамыту жобасын жүзеге асыруда.

Аталған жобаның мақсаты – халықпен кері байланыс тетіктерін қалыптастыруда қоғамдық кеңестер қызметінің тиімділігін, сондай-ақ, қоғамдық кеңестер қызметі туралы халықтың хабардар болу деңгейін арттыру.



Жоба аясында ағымдағы жылдың 25 шілде-31 қазаны аралығында өтетін «Қоғамдық кеңестердің апталығы» ұйымдастырып келеді.

Атырау облыстық Қоғамдық кеңесі аталған апталыққа сәйкес «Балалар жылы» аясында «Ембімұнайгаз» АҚ-мен бірлесіп бірқатар экскурсиялық жобаларды жүзеге асыруда. Соның бірі – атыраулық балаларға арналған Атырау облысы, Индер ауданындағы Тұздыкөлге саяхат болатын.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, балалар бұрын соңды бұл жерде болмаған екен.

- Емдік қасиеті бар Тұздыкөл, мамандардың мәліметінше, жыл сайын жерасты суларымен ағып келетін 1,5 млн тонна тұзды ерітіндімен толығады. Су құрамында 22 түрлі химиялық элемент бар. Тереңдігі 50 метрден асады. Жалпы аумағы 110,5 шаршы шақырымды, ұзындығы 40 километрді құрайды. Тұздыкөл туралы деректерді естіген балалар әсерге толы болды, суға шомылып, ұйымдастырылған шараларды тамашалады.

Саяхатқа барған балалар қасиетті мекенді көруді ұйымдастыруға атсалысқан қызметкерлерге алғыс білдіреді, - дейді балаларды саяхатқа бастап барған, кеңестің әлеуметтік сала бойынша комиссия мүшесі Гүлжан Елешева.

Сонымен қатар, облыстық кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы балаларын Дамбыда орналасқан «Құлагер» орталығына апарып серуендету шарасы ұйымдастырылды.

Балалар жылы аясында балалардың жаз мезгілін тиімді ұйымдастыру бағытындағы шаралар жалғасуда.



Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ және Қоғам аумағында қызмет көрсететін мердігер мекеме қызметкерлері!

«Ембімұнайгаз» АҚ-да «СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ» желісі жұмыс жасайды. Сіздің әлеуметтік бағытта сұрағыңыз, пікіріңіз, ұсынысыңыз, шағымыңыз болса хабарласыңыз (хабарламалар құпия қарастырылады).

WhatsApp: 8 771 002 68 95

K.Kalidullin@emg.kmgp.kz
Калидуллин Қуандық Мәдениетұлы
 Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры

Ескерту: Жолданған хабарламаға қызметкер - жағдай орын алған нысан, өндіріс орнының атауын көрсетуі сұралады.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: Ұйымдастыру бөлімі
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgp.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-64; 21-166

I.Satylganova@emg.kmgp.kz

Баспахана:

«Жаркын Ко» ЖШС

Мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Абая даңғ., 57/1.

Тел: +7(7172) 21-50-86.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Қ.Калидуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

Ж.Мұқанғалиев - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

Ғ.Қаражанова - ұйымдастыру бөлімінің жетекші маманы;

Ж.Дәуітов - «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.